

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҚОРЫ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ПРОЦЕСТЕРІНІҢ ДАМУЫНА КӨП КӨҢІЛ БӨЛЕДІ. ОСЫ РЕТТЕ НҰ ҚЫЗМЕТ ТЕ КӨШТЕН ҚАЛМАУДА. НҰ САЛАСЫНДАҒЫ БАЙҚАУ ҚОР ТАРИХЫНДА АЛҒАШ РЕТ ӨТКІЗІЛДІ. БҰЛ БАСТАМАСЫ, ЕНДІ ОЛ ДӘСТҰРЛІ ЖАЛҒАСЫН ТАУЫП ОТЫРАДЫ. БИЫЛ ҰСЫНЫЛҒАН КЕЙСТЕРДІҢ ӘРҚАЙСЫСЫ ЕРЕКШЕ. БАСТЫСЫ ОЛАРДЫ НҰ САЛАСЫНДА ҚОЛДАНУҒА БОЛАДЫ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ 2025 ЖЫЛДЫ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ ДЕП ЖАРИЯЛАДЫ. БҰЛ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРДЫҢ БЕДЕЛІН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН. СОНДАЙ-АҚ КӘСІПТІК ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ДЕ РЕФОРМАЛАНУДА. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ – БІЗ ҮШІН БАСЫМ БАҒЫТ. БҰЛ РЕТТЕ КӨПТЕГЕН ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛУДА.

Нұрлан ЖАҚЫПОВ,
«Самұрық Қазына» АҚ Басқарма төрағасы



№64 (3103)
12/08/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ҚТЖ – СПАРТАКИАДА ЧЕМПИОНЫ!

«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы арасында әртүрлі спорт түрлерінен X Спартакиада өтті. Тамыздың 8-10 аралығында жалауын көтерген мерейтойлық спартакиадаға Қазақстанның түкпір-түкпірінен өндірістік мамандық өкілдерінен құралған 14 командаға біріккен 1000 астам адам қатысты.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Жыл сайын өтетін дәстүрлі спартакиадаға қатысушылардың саны ғана емес, сонымен қатар жарыстағы спорт түрлері де артуда. Мәселен, биыл бағдарламаға 14 спорт түрі кіріп, соның ішінде инклюзивті тәртіппен – дартс және үстел теннисі өтті және оған ерекше қажеттіліктері бар қызметкерлер де қатысты. Үш күн бойы жарыс алаңында корпоративтік рух, жеңіске деген ұмтылыс, ерекше көңіл-күйдегі аура сезіліп тұрды. ҚТЖ командасы жарысқа жоғары дайындықпен келгенін жарыстың алғашқы күні-ақ көрсетті. Сұр мерген Самал Зұлпыхаров бәсекелестерінен жеңісті жулып алып, ҚТЖ қоржынына алғашқы алтынды салды. Алғашқы жеңіс командалық рухты асқақтатып, басқа спортшылардың жеңіске деген құлшынысын күшейте түсті. Темір жолда тер төгіп жүрген нәзік жандар да осал емес. Садақ ату сайысында Махаббат Назарова күміс жүлдеге ие болып, ҚТЖ қоржынына тағы бір медаль тоғытты. Қажымұқан, Балунан шолар, Иманжүсіп ұрпақтарының бір легі ҚТЖ-да жұмыс істейтінін теміржолшылар қол күресі жарысында дәлелдеп берді. Қара күш, табанды мінез, рухты ерік-жігерді талап ететін мықтылардың мықтысы қатысында армрестлинг жарысында 80 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Нұржан Сағидоллинов пен 80 келіден жоғары санатта Жәнібек Кенжебаев үшінші орын мінберінен табылып, қола



медальды қанағат тұтса, екі қолда да мықтылығымен қарсыластарына дес бермеген Сымбат Нәсіп 65 келі дәрежесінде, ал Алла Штрошерер 65 келіден жоғары санатта алтын медаль алды.

Ұлттық ойын санатындағы асық ату – ептілік пен дәлдікті, тіпті сезу түйсігін талап етеді. Бұл ойында да компанияның асықшылар коман-

дасы сапындағы Қайраш Аханов, Мырзамұрат Қайыпбеков және Құндыз Есіркеп шебер ойын көрсетіп, үштіктің қатарынан табылып, екінші орынды иеленді. Салқынқандылық, стратегиялық ойлау және дәл есептеу. Теміржолшының күнделікті жұмысы барысында талап етілетін бұл қасиеттер Андрей Степанцов пен Жанар Қалдыбаеваға зият-

керлік сайыс – шахмат ойынында қола медальға қол жеткізді. Семей қаласынан келген теміржолшы Рүстем Әлмұхаметов ерлер арасында дартстан күміс жүлде алды. Осылайша, бірінші күннің өзінде ҚТЖ қоржынында 3 алтын, 3 күміс, 4 қола медаль тулап жатты...

(Жалғасы 4 бетте)
Суретті түсірген Олжас АХМЕТОВ

КОМФОРТ ОБЕСПЕЧЕН



Первую партию систем отопления, вентиляции и кондиционирования воздуха для вагонов производства Stadler в Казахстане отгрузила компания Liebherr Transportation Systems (Китай).

Системы разработаны совместно со Stadler для работы в условиях пустыни и при температурах до -50 °C и произведены в Китае для установки в спальнях и двухместных вагонах, заказанных Казахстан темір жолы, сообщили в пресс-службе Liebherr Transportation Systems.

До 2030 года планируется поставить в общей сложности 550 кондиционеров Liebherr по контракту, заключенному Liebherr Transportation Systems и Stadler Rail Group год назад.

Для компании это первая сделка на казахстанском рынке продукции для железнодорожного транспорта. Вагоны колеи 1520 мм рассчитаны на скорость до 160 км/ч и могут эксплуатироваться при температуре окружающей среды от -50 до +45 °C.

Напомним, производство пассажирских вагонов на базе завода «Тулпар» в Казахстане ТОО «Штадлер Казахстан» (входит в Stadler Rail Group) запустило весной этого года. Первый пассажирский вагон Stadler Kazakhstan представила в июне. В 2025 году завод планирует выпустить 51 вагон, а всего до 2030 года должен передать АО «Пассажирские перевозки» 557 вагонов.

Любовь РОББА

СЕНИМГЕРЛІК БАСҚАРУҒА БЕРІЛДІ



Алматы-1 және Алматы-2 теміржол вокзалдары «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының балансына қайтарылып, сенімгерлік басқаруға берілді.

Еске салсақ, 2019 жылы Алматы-1 және Алматы-2 теміржол вокзалдары қаланың коммуналдық меншігіне өткен еді. 2023 жылы стартегиялық объект болып табылатын оңтүстік астанадағы теміржол вокзалдары қайтадан «ҚТЖ» ұлттық компаниясына қайтарылатыны мәлім болған. Биыл Көлік министрлігі вокзалдарды сенімгерлік басқаруға беру бойынша процедуралар жүріп жатқанын хабарлады. 2025 жылдың 16 шілдесінен бастап Алматы-1 және Алматы-2 теміржол вокзалдары сенімгерлік басқаруға қабылданды.

Ұлттық компания екі нысанды да жаңғыртуды жоспарлап отыр. Алматы-1 теміржол вокзалының ғимараты жөндеуден өтеді. Ез кезегінде, тарихи және мәдени өскерткіш саналатын Алматы-2 теміржол вокзалының ғимараты ҚР тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес реставрациялануға жатады. Аталған жұмыстар жоспарға енгізілген және барлық нормативтік талапты сақтай отырып жүзеге асырылады.

Компанияның мәліметінше, бұл жобалар объектілердің пайдалану мерзімін ұзартуға, сондай-ақ олардың техникалық жай-күйі мен функционалдық мақсатын заманауи талаптарға сәйкестендіруге бағытталған. Бірақ жөндеу жұмыстарын жүргізудің мерзімі әлі нақтыланбаған. Жұмыстардың түпкілікті көлемі мен құрамы заңнамада белгіленген тәртіппен әзірленген ғылыми, жобалау-сметалық құжаттамаға орай мемлекеттік сараптама нәтижелері бойынша айқындалады.

Бүгінде Алматы-1 вокзалында 80 адам, ал Алматы-2 вокзалында 47 адам жұмыс істейді. Вокзалдарды күтіп ұстау үшін қосымша жекеменшік компанияның Алматы-1 вокзалы бойынша 36 адамы, Алматы-2 вокзалында 30 адамы қызмет көрсетеді.

Ұлан ОРАЗ

Цифрландыру

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Ұлттық компания жүктерді өңдеу жылдамдығы мен дәлдігін арттыру, бизнес-процестерді оңтайландыру, тасымалдаудың ашықтығы мен тиімділігін көтеру үшін цифрлық технологияларды енгізу бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Мәселен, 2024 жылдың мамыр айынан бастап кедендік рәсімдерді жеделдететін Tez Customs жүйесі енгізілді, сондай-ақ транзитерлер үшін бірыңғай цифрлық терезе – Digital Trade Corridor дамуда. Транзиттік-көлік саласын дамыту үшін соңғы 15 жылда Қазақстан 35 млрд доллардан астам инвестиция салды. Алдағы бірнеше жылда жалпы сомасы 3,5 млрд доллардан асатын ірі жобаларды іске асыру жоспарлануда. 2030 жылға дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ инфрақұрылымды

дамытуға, активтерді жаңартуға және заманауи технологияларды енгізуге шамамен 15 млрд доллар салуды жоспарлап отыр.

Іске асырылып жатқан шаралар барлық көлік дәліздерінде тасымалдау көлемінің айтарлықтай өсуін көрсетті. Мәселен, 2024 жылдың қорытындысы бойынша транзиттік тасымалдар тарихи рекордты жаңартып, 27,4 млн тоннаны құрады, ал контейнерлік транзит 1,4 млн ЖФЭ-ге жетті. Оларды одан әрі ұлғайту үшін Ұлттық компания қалыптасқан маршруттар бойынша да, жаңа логистикалық шешімдер мен

перспективалық жобаларды да ұсына отырып, қажетті жағдайлар жасауда.

Алайда, транзиттік ағындар үшін бәсекелестіктің өсуі аясында оның одан әрі табысы кешенді тәсілге, атап айтқанда инфрақұрылымды жедел жаңғыртуға, неғұрлым икемді тарифтік саясатты құруға және тасымалдау рәсімдерін одан әрі оңтайландыруға байланысты болады. Өйткені жүйелі өзгерістер болмай Қазақстанның контейнерлеуге және жоғары кірісті жүктерге перспективаларын жоғалтып алу қаупі бар. Сондықтан цифрлық технологияларды дендеп енгізу уақыт талабы болып отыр.

ДОСТЫК СНОВА НА ПИКЕ РЕКОРДОВ



9 августа со станции Достык в Китай сдан экспорт – 28 поездов по широкой колее. Такой показатель стал одним из самых высоких в истории участка и наглядно продемонстрировал потенциал казахстанско-китайского транспортного коридора.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Достык

28 поездов в совокупности составили 1 076 вагонов. Среди них – 10 платформ, 523 полувагона и 543 вагона прочих типов. В составе экспортных грузов значатся окатыши, гематиты, железная руда, концентраты, феррохром. Кроме того, отправлен 1 031 контейнер с различной

продукцией. Общий вес вагонов составил 64 464 тонны. Такой объем перевозок стал одним из самых впечатляющих показателей последних лет, подтвердив стратегическую роль станции Достык. Достижение рекордного показателя стало возможным благодаря слаженной работе всех служб эксплуатационного вагоного и локомотивного депо, дежурных по станции,



ремонтных бригад, специалистов по организации движения.

– Каждое звено цепочки работало четко и оперативно, обеспечивая своевременную отправку составов в Поднебесную. Каждый этап – от формирования составов до их передачи китайской стороне – был выполнен без задержек, – комментирует директор Ал-

матинского отделения грузовых перевозок Нурым Жаниязов.

Станция Достык уверенно подтверждает статус международного транспортного узла, способного решать самые амбициозные задачи, внося весомый вклад в развитие экспортного потенциала Казахстана.

Фото автора



Абылайхан ЖАРЛЫКПАЙ,
управляющий директор по маркетингу и тарифной политике
АО «Қазтеміртранс»

АО «ҚАЗТЕМІРТРАНС» АКТИВНО ВНЕДРЯЕТ ЦИФРОВЫЕ РЕШЕНИЯ: ЭЛЕКТРОННЫЕ НАКЛАДНЫЕ, АВТОМАТИЗАЦИЮ ТАРИФОВ, ЦИФРОВОЕ ОКНО И АНАЛИТИКУ В РЕАЛЬНОЕ ВРЕМЯ. В ПРИОРИТЕТЕ – РАЗВИТИЕ МАРШРУТОВ В КИТАЙ, УЗБЕКИСТАН, СТРАНЫ КАСПИЯ И ЕВРОПУ, А ТАКЖЕ УЧАСТИЕ В РАЗВИТИИ СРЕДНЕГО КОРИДОРА. КОМПАНИЯ ОЩУЩАЕТ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА УСТОЙЧИВОСТЬ ПОСТАВОК И ДЕЛАЕТ СТАВКУ НА ИНВЕСТИЦИИ, ТЕХНОЛОГИИ И СТРАТЕГИЧЕСКОЕ ПАРТНЕРСТВО С РЫНКОМ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ ТАРАПЫНАН 2024 ЖЫЛЫ

2000

АСТАМ ВАГОН САТЫП АЛЫНДЫ.

ҚОСТАНАЙ Өңірінен осы жылдың жеті айында

16 млн

ТОННАҒА ЖУЫҚ ӘРТҰРЛІ ЖҰК ЖӨНЕЛТІЛДІ.

ЖЫЛ САЙЫН ШАМАМЕН ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БОЙЫНША

1800

ШАҒЫН МЕХАНИКАЛАНДЫРУ БІРЛІГІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ.

ТАБЫС ТЕТІГІ

 **Азамат ҚҰЛЫМБЕТ,**
Қызылорда



СТАНЦИЯ
ТЫНЫСЫ

Қызылорда станциясының ұжымы биылғы төл мереке-лерін табыспен қарсы алды. Негізгі өндірістік көрсеткіштер толық және жүз пайыздан асыра орындалған.



Есептік кезеңде маневрлік және негізгі пойыз қозғалысында қозғалыс қауіпсіздігін бұзуға қатысты ешқандай оқиға орын алмаған. Вагондардың бүлінуі немесе техникалық зақымдануы тіркелмеген. Қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыру көрсеткіштері кемшіліксіз орындалуда. Станция аумағында жүк және жолаушы пойыздарының қозғалысын тұрақты бақылауда ұстайтын олардың пойыздарды қабылдау және жөнелтуі үнемі бекітілген технологиялық регламентке сай жүргізіледі.

Станцияда пойыздар қозғалысын реттейтін құрылғылардың электрмен қамтамасыз етілуі, автоматтандырылған жүйелер – сигнал беру мен байланыс құрылғылары да, вагондардың сапарға дайындау қызметі де мінсіз жұмыс істеуде. Биыл бұл жүйелерде бірде-бір ақау орын алған жоқ. «Осынау өндірістік жұмыс көрсеткіштерінің орындалуында әрбір теміржолшының маңдай тер, табан ақысы жатыр. Табыс тетігі әр теміржолшының ортақ іске жанашыр көзқарасы мен адал еңбегінде жатыр», – деген станция бастығы Қайрат Жанкелдіұлы бірқатар әріптестерінің есімін ерекше атап өткен еді. Олар станциядағы қозғалысқа жауапты маневр диспетчері Ғалым Әбіш пен станция кезекшісі Қуаныш Бегалиев, кезекші жанындағы оператор Күлайша Жүгінісова, пойыз құрастырушы Ерлан Жақып, тауар кассирі Жаркынай Тастыбаева, аға жүк қабылдап-тапсырушы Мәдина Тұяқбаева, жүк қабылдап-тапсырушы Мира Филипова, тасымал құжаттарын өңдеуші Айнагүл Лайс пен техконтор операторы Мейрамгүл Ерімбетова сынды нағыз өз ісінің кәсіби мамандары. Қызылорда станциясының жетістігін еселей түсуге лайықты үлес қосып отырған майталмандар.

Суретті түсірген автор

ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРДЫ

 **Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе



«ҚТЖ» ҰК» АҚ Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі филиалына қарасты Ақтөбе өрт сөндіру пойызы кезекті оқу-жаттығу шарасын өткізді. Өрт сөндіру жоспары азаматтық қорғаныс қызметкерлерімен бірлесіп ұйымдастырылды.

Сценарий бойынша жолаушылар пойызында дабыл қоңырауы соғылды. Вагонның электр қалқанындағы тоқ қысқа тұйықталып, өртке ұласқан. Жолаушылар вагонын иіс, түтін алып кетті. Құтқарушылар әп-сәтте вагонды салқындатып, өрттің ұлғайып кетпеуін қадағалады. Екі звено көбіктендіргіш қолданып, жалынның күшін басты.



Оқу-жаттығу Ақтөбе өрт сөндіру пойызы бастығы Бауыржан Файзуллаұлының жетекшілігімен өтті. Жеке құрамнан 15 адам қатысты. Тактикалық тәртіптен ауытқымай, қауіп кезінде орындалуға тиіс маңызды әрекеттер көрсетілді. Өрт сөндіруші Асқан Құдайбергенов пен көлік жүргізуші Мейрамбек Есенғұлов және ГТТҚ шебері өрт шыққан вагоннан кеміртегі тотығына ұланған адамды дереу носилкамен алып шығып, медициналық қызметкерлердің қолына тапсырды. Ал өрт сөндірушілер Айдос Сисенғалиев пен Мақсат Нұрмағамбетов айналадағы ғимараттарға өрт ұлғайып кетпеуі үшін лезде су бүрку арқылы жалын күшін басты.

Сонымен қатар өрт жендерін жөндеу шебері Нұрлан Анарбеков пен өрт сөндіруші Асылхан Ешмағамбетов көбіктендіргіш беру арқылы жолаушылар вагонын толықтай залалсыздандырды. Апаттық оқиға болған жерде қауіп толықтай жойылды. Осылайша, берілген тапсырма уақытында орындалып, оқу-жаттығу іс-қимылын жедел әрі сауатты, шапшаң орындаған құтқарушылар әрекеті жоғары баға алды.

«Нағыз апаттық жағдай шынайы көрсетілді. Әрекеттер де соған сай болды. Өрт туралы хабарландырған сәттен бастап әр әрекет сауатты атқарылып, қауіпті аймақтан эвакуациялау, қауіптің алдын алу кезіндегі қозғалысқа мән берілді. Тактикалық жаттығудың негізгі мақсаты да осы. Жалпы кез келген адам төтенше жағдай кезіндегі ереже-талаптарды білуі тиіс», – деді Ақтөбе өрт сөндіру пойызы бастығы Бауыржан Файзуллаұлы.

Мұндай оқу-жаттығулар қызметтердің ықтимал төтенше жағдайларға жедел ден қоюға дайындық деңгейін арттыру, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ТЖ салдарын азайту үшін тұрақты өткізіліп тұрады.

Суретті түсірген автор

АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ШЛАГБАУМ ОРНАТЫЛУДА

Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының теміржолшылары Бәйгеқұм станциясындағы теміржол өткеліне автоматтандырылған, заманауи үлгідегі шлагбаум орнатып, оның байланыс, белгі беру құрылғыларын жаңартып, жаңғырту жұмыстарын сәтті жасап шықты.

 **Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Бәйгеқұм

Атқарылып жатқан бұл жұмыстар алдағы уақытта өткелдегі қозғалысты тәртіпке келтіріп, пойыздардың және автокөліктердің қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететін болады. Соңғы жылдары Бәйгеқұм станциясы маңындағы сулы-нулы аумақтар табиғатының көркемдігімен тартып, жергілікті тұрғындар мен сырттан келушілер үшін жазғы демалыс орнына айналып келеді. Алайда демалыс маусымындағы көлік легінің күрт артуы теміржол өткелдерінде қауіп төндіруі мүмкін жағдайларды тудырып отыр.

Дәл осы 20-бекет пен Бәйгеқұм станциясы арасындағы 2922 шақырымдық теміржол өткелінен демалушылар автокөлікпен жиі өтеді. Көліктер саны артқан сайын өткел маңында кептеліс орын алып, бұл магистральдық бағытпен жүретін жолаушы және жүк пойыздарының қозғалыс қауіпсіздігіне қатер төндіру ықтималдығын арттыруда. Осыған байланысты ҚТЖ тарапынан теміржол өткелі күзетілетін өткел санатына ауыстыру жөнінде шешім қабылданды. Бұл бастама пойыздар

қозғалысының қауіпсіздігін арттырып қана қоймай, автокөлік жүргізушілерінің де тәртіппен жүруіне мүмкіндік береді деп бағаланып отыр.

Аталған шешімге сәйкес Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының теміржолшылары өткелге автоматты түрде басқарылатын шлагбаум орнату жұмыстарын қолға алды. Жаңа үлгідегі өтпелі сигнал беру құрылғылары, жарық сигналдары, дайын командалық аппаратуралар орнатылып жатыр. Ескеретін нәрсе, өткен жолы осы теміржол өткелі Қызылорда жол дистанциясының теміржолшылар тарапынан су жаңа заманауи күйге енгізіліп, жаңадан салынған болатын.

– Теміржол өткеліндегі заманауи құрылғылар пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуына қызмет ететін болады. Аталмыш жобаның құжаттамалық іс-қағаздарын дистанция инженері Нұрлан Аймахан әзірлеуге зор үлес қосса, оның іс жүзінде іске асырылуына тәжірибелі шебер Базархан Сақбаев



жетекшілік етуде. Олардың үйлестіруімен құрылыс-монтаж жұмыстары белгіленген мерзімнен кешікпей, сапалы орындалуда. Бригада мүшелері теміржол автоматикасы мен телемеханика саласындағы заманауи талаптарды ұстанып, қауіпсіздік техникасын қатаң сақтап жұмыс жасады, – дейді инженер Нұрлан Жәнібеков.

Жалпы, Бәйгеқұм станциясындағы теміржол өткеліне автоматтандырылған, заманауи үлгідегі шлагбаум орнату шарасы теміржол мен автомобиль жолының қиылысындағы қозғалысты ретке келтіріп, теміржол көлігі қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды қадам болмақ.

Жоспарланған жұмыстар аяқталған соң, бұл өткел орталықтандырылған басқару жүйесіне қосылып, диспетчерлік бақылауға алынады. Сонымен қатар жол дистанциясы, локомотив бригадалары және автокөлік жүргізушілері арасындағы үйлесімді әрекет жолға қойылады.

Суретті түсірген автор

ЖАЗДЫҢ ӘР КҮНІ ТИІМДІ



ЖОЛ ЖӨНДЕУ

Аймақта жолды күрделі жөндеу жұмыстары әлі де жалғасып жатыр. Бүгінгі таңда жоспарлы жұмыстың жартысынан көбі, 70 пайызға жуығы орындалды деуге болады.

 **Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

Атырау магистральдық желі бөлімшесінің директоры Аралбай Қосымбаевтың айтуынша, биылғы жылы өңірде 66,7 шақырым жолды күрделі жөндеу жоспарланған. Соның ішінде Атырау жол дистанциясына берілген күрделі жөндеу жоспары 40,5 шақырым, Құлсары жол дистанциясы бойынша 26,321 шақырым. Соған сәйкес қазіргі таңда ол жұмыстардың 41,1 шақырымы жүргізілді, яғни жартысынан көбі аяқталды.

Бүгінде қызу жұмыс Атырау жол дистанциясы бойынша Ганюшкино-рзд.4, рзд.5, рзд.265-рзд.279 шақырымдарда, Құлсары



жол дистанциясы бойынша рзд.465-Майкөмген-рзд.467-468 аралығында 6 сағаттық «толаскез» алынып, Ганюшкино-Атырау, Құлсары-Бейнеу учаскелерінде жүріп жатыр.

Бөлімше бойынша қазіргі уақытта күшейтілген орташа жөндеу жұмыстары да қатар

атқарылып жатыр: 8,119 шақырымды, темірбетонды бағыттамалы бұрмаларды ауыстыру 31 жиынтықты, түйіспесіз рельс ауыстыру 10 шақырымды құрап отыр. Биыл 8 шақырым жолда ескі Р-50 рельстерін жаңа Р-65-ке ауыстыру көзделіп, қазіргі уақытта Құлсары станциясы,

рзд.-Қоркөл-461-463-464 бекеттерінде оның басым бөлігі орындалған.

Сонымен қатар ағымдағы жылы Құлсары станциясында 10 жиынтық темірбетон бағыттамалы бұрмаларды ауыстыру жұмыстары да жүргізіліп және ескі бұрмаларды жаңа Р-65-ке ауыстыру бойынша 5 жиынтық ауыстырылған. Станция жолдары мен бағыттамалы бұрмалардың жағдайын жақсарту және нығайту бойынша 21,85 шақырым жұмыс жасалды.

Елді мекендер маңы, қозғалысы жиі учаскелер мал өтпейтін шарбақтармен қоршалғанына қарамастан, теміржол бойында малдың жүруі жиі кездесетін құбылыс. Ал ол өз кезегінде пойыздардың қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді. Өңірде биылғы барлығы 115,4 шақырым қоршау салу керек болса, бүгінде оның 32,9 шақырымы орындалған. Соның ішінде Майкөмген станциясы, рзд.-Сарға, рзд.-461-467 арлығында 20 шақырым көлемінде қоршау салынып жатыр. Жолшылар жаздың әр күнін тиімді пайдалануға тырысып бағуда.

Суретті түсірген автор

ҚОС ҚАБАТЫ ТҮГЕЛ ЖАҢАРАДЫ

Республика бойынша вокзалдарды ауқымды қайта құру жобасына Жамбыл облысынан енгізілген бес ғимараттың бірі – Тараз вокзалында қазір күрделі жөндеу жұмыстары қызу жүріп жатыр.

 **Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**
Жамбыл

Нысанның айналасы түгел қоршалып, бас мердігер «СпецСтройЭксперт» ЖШС-нің бірнеше құрылыс бригадасы екі қабатты ғимараттың ішкі сылағын қырып, келесі топ шатыр астындағы ескі тіреу тақтайшаларды ауыстыруға кіріскен. Сметалық жоба бойынша күрделі жөндеу жұмыстарын 1 қарашаға дейін аяқтау көзделген.

– Вокзал ғимаратының екі қабатына түгел күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бірінші кезекте шатырын, есік-терезелерін ауыстырады. Жасыратыны жоқ, сыртқы есіктер бір қабатты әрі жылу жүйесі ескі, сол себепті күту залдарында қыста салқын еді. Сондықтан алдымен осы мәселені ретке келтіруді сұрадым. Жолаушылар үшін күту залында қыста жылы, жазда салқын болғаны маңызды. Вокзалдың екі қабаты түгел жаңарады, бірақ сыртқы қасбеті осы күйінде қалады. Тек қана жарықтандырулар қойып, төбесіндегі «Қазақстан темір жолы», «Тараз вокзалы» деген жазуларды жаңартады. Сырттағы дизайнды түрлі жа-



рықтандырулар арқылы шешеді. Сондай-ақ бірінші және екінші перронның брусчаткалары толықтай жаңартылады. Аулаға төбесін жауып, күту орындарының қою төбесін де ұсынып жатырмын. Өйткені көктем-жаз айларында жолаушылар пойызды далада тұрып күткенді жөн көреді, – дейді Тараз вокзалының бастығы Дидар Мусреталиев.

Вокзалда құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқанымен, жолаушылардың жайы да ұмыт қалмаған. Билет кассалары, күту залдары және басқа да сервистік аймақтар уақытша ауыстырылған. Вокзал бастығы сыртқа орналастырылған екі касса мен бір анықтама бюросын көрсетті. Ал касса алдына төбесі жабылып, күту орындары қойылыпты.

– Қазір сырттағы екі билет кассасы мен анықтама бюросындағы қызметкерлерге қажет жағдайларды жасап бердік. Компьютер қойылды, керек бағдарламалар орнатылып, интернетке қосылған. Сыртқы күзет бар, Тараз желілік полиция қызметкерлері ке-

зекшілікпен өз міндеттерін атқарып жатыр. Қауіпсіздік мәселесі назарда. Бір сөзбен айтқанда, халыққа қызмет көрсетуге мүмкіндік бар, – деп түсіндірді Дидар Ағаділұлы.

Бұған дейін вокзалда 9 медресеттік, 4 жекеменшік касса жұмыс істеп келген. Енді алдағы уақытта «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның 2 кассасы ғана қалдырылады екен. Себебі билет алу және оны кері қайтару секілді процестердің дені онлайн жүйеге көшкен. Сатылым электронды күйе арқылы жасалауда. Ал әлі де кассаның қызметіне жүгінетіндер үшін қалған екеуі жеткілікті болмақ.

Ғимарат толық жаңғыртудан өткеннен кейін қызмет көрсету сапасы арта түсері анық. Дидар Ағаділұлының айтуынша, вокзалда 9 кассир, 20 жұмысшы, жолаушылардың жол жүгін тексеріп-бақылау пунктін (жеке меншік компанияға қарасты) 27 қызметкері, аутсорсинг арқылы бекітілген 10 тазалықшы, «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның 7 маманы, жалпы 90-ға жуық адам жұмыс істейді екен.

Суреттерді түсірген автор

Интервью

ОТ ИДЕИ ДО РЕАЛИЗАЦИИ ПРОЕКТА «ЕДИНОЕ ЦИФРОВОЕ ОКНО»

В условиях стремительной цифровизации экономики Казахстана АО «KTZ Express» делает уверенный шаг в будущее – создавая «Единое цифровое окно» для грузоотправителей. Этот проект стал ответом на вызовы времени и курс на трансформацию национального перевозчика в современную логистическую компанию. О том, как меняются принципы взаимодействия с клиентами, какие технологии лежат в основе цифровой платформы и что ждет рынок в ближайшие годы, – в интервью с генеральным директором АО «KTZ Express» Дамиром Кожакметовым.

– Проект «Единое цифровое окно» стал одной из центральных тем недавней стратегической сессии в Астане. Расскажите, с чего все началось? Почему именно сейчас такая инициатива оказалась своевременной?

– Отправной точкой послужил стратегический курс, обозначенный на государственном уровне – в Указе Президента Республики Казахстан о трансформации АО «НК «КТЖ» из железнодорожного перевозчика в современную транспортно-логистическую компанию.

Это масштабное направление потребовало не просто технологических изменений, а пересмотра всей логики взаимодействия с клиентами и партнерами. Возникла необходимость в платформе, которая бы объединила все ключевые сервисы и обеспечила прозрачную, быструю и эффективную коммуникацию.

Так и появилась инициатива по созданию «Единого цифрового окна» – цифровой среды, в которой заказ логистической услуги становится таким же удобным, как оформление онлайн-покупки. Система нацелена на то, чтобы снять барьеры, устранить бумажную бюрократию и предложить пользователю сервис нового уровня.

– Чем отличается новый формат от прежних моделей взаимодействия с клиентами? Какие сложности удалось устранить?

– Главное отличие – в централизованности, прозрачности и полной цифровизации.

Ранее для получения услуги клиенту приходилось обращаться в разные структуры: каждый дочерний актив группы КТЖ – будь то перевозчик, вагонный оператор или экспедитор – имел собственные каналы коммуникации, свой документооборот. Одни и те же данные нужно было повторно направлять в разные адреса, ждать ответов по почте или телефону, а часть документов – подписывать только в бумажном виде. Все это занимало время и создавало лишнюю административную нагрузку.

Сегодня мы предложили единый цифровой интерфейс: все ключевые сервисы сосредоточены в одном месте. Процессы стандартизированы, автоматизированы и прозрачны. Это не просто очередной сайт – это цифровая платформа нового поколения, ориентированная на клиента и выстроенная по принципу «одного окна».

– Что сегодня уже доступно пользователям? Это просто витрина услуг или полноценный инструмент для управления перевозками?

– Это не витрина – это полноценный рабочий инструмент. Сегодня клиент может в цифровом формате подать заявку на перевозку, получить коммерческое предложение, заключить договор, отследить статус своих документов и получить консультацию.

Существенным технологическим новшеством стало внедрение электронного подписи с возможностью подписания договоров как для резидентов, так и для нерезидентов. Это упростило взаимодействие с международными партнерами: теперь для заключения соглашений не требуется присутствие в офисе – все можно оформить удаленно.

Отдельно стоит отметить интеграцию сервиса в мобильное приложение eGov Business, что значительно повышает удобство и делает взаимодействие доступным в любое время и из любой точки.

– Насколько глубоко система интегрирована во внутренние процессы дочерних компаний? Потребовалась ли серьезная перестройка?

– Безусловно. В проект были вовлечены ключевые участники группы компаний КТЖ: АО «KTZ Express», ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», АО «Қазтеміртранс» и АО «Кедентранссервис». Чтобы



объединить их в единое цифровое пространство, пришлось пересмотреть и оптимизировать большое количество внутренних бизнес-процессов.

Мы унифицировали ключевые этапы взаимодействия – от подачи заявки до подписания договора. Был внедрен стандарт «Заявка – Согласование – Подпись», введено электронное согласование документов, настроена сквозная цифровая логика.

Теперь клиент взаимодействует не с множеством разрозненных структур, а с единой системой, которая координирует работу всех дочерних активов. Это обеспечивает контроль на всех этапах, повышает качество сервиса и экономит время.

– Как это реализуется на практике? Какие конкретные выгоды получает пользователь при работе с платформой?

– Раньше оформление заявки могло занимать длительный период времени из-за бумажной волокиты, ручной обработки и необходимости личного присутствия.

Теперь клиенту достаточно зайти в личный кабинет, заполнить электронную форму и отправить заявку. В любой момент можно отследить ее статус: кто отвечает, на каком этапе документ, сколько времени занял каждый шаг.

